

## Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № А-1/284 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қыркүйекте № 4363 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № А-1/259 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 02.07.2015 № А-1/259 (қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.К.Айткужиноваға жүктелсін.
3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімнің м.а.

A. Токтамысов

Целиноград ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 21 тамыздағы № А-1/284  
қаулысымен бекітілді

**Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы**

1. Осы аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленген және аудандық коммуналдық мүлік объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің мөлшерлемесін есептеу тәртібін белгілейді.

2. Аудандық коммуналдық занды тұлғаның балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жылдық жалдау төлем ақысының есебі осы Қағиданың қосымшасына сәйкес құрылыш түрін, тұрғын үй емес жайдың түрін, жайлыштық дәрежесін, аймақтық орналасқан жерін, жалдаушының қызмет түрін, жалдаушылардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын ескере отырып, базалық мөлшерлемесі және қолданылатын коэффициент мөлшерінің негізінде анықталады және формула бойынша іске асырылады:

$$A_p = B_s \times S \times K_t \times K_{jd} \times K_r \times K_{kt} \times K_{khn},$$

мұндағы:

Ap – бір жылда аудандық коммуналдық занды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілеріне жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

Bs - жылғына 1 шаршы метр теңгеге жалға алу төлемінің негізгі мөлшерлемесі ;

S – жалға алынатын жай, шаршы метр, соның ішінде жалпы пайдалану орнына жалдаушының қолжетімін есепке алатын жалға берілетін алаңың 25 пайзы;

Kt - құрылыш үлгісін есепке алатын коэффициент;

Kk – тұрғын емес үй жайдың түрін есепке алатын коэффициент;

Kjd – жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент;

Kr – аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент;

Kkt – жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент;

Kkhn - жалға алушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде жалдау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_p = C \times N_{am} / 100 \times K_p$$

мұндағы:

Ap – жылғына жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды жалдау ақысының мөлшерлемесі;

С – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозу есептелген жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдауға (жалға алу) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Nam - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 120-бабына сәйкес тозудың шекті нормалары;

Кп - төмендегу коэффициенті (0,5 көлемінде-сауда-сатылатын (делдалдық) қызметтерді қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халықта қызмет көрсету саласын дамыту үшін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру кезінде - 0,8 мөлшерінде 60 пайыздан артық жабдықтың, көлік құралдарының және басқа пайдаланылмайтын заттардың тозуы кезінде қолданады).

4. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерін сағат бойынша мүліктік жалға беру, сонымен қатар аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалға беру кезінде жалдау ақысын есептеу келесі формуламен іске асырылады:

Aч=Ап/12/Д/24,

мұндағы:

Ач - бір сағатқа аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілеріне, жабдықтарға, автокөлік құралдарына және басқа пайдаланылмайтын заттарға жалға алу төлемінің мөлшерлемесі;

Ап - осы Қағиданың 2-інші немесе 3-тармақтарында аталған жалға алу мөлшерлемесі;

Д - мүліктік жалға берілетін (жалға алынатын) объектілерге тапсыруды іске асыратын бір ай ішіндегі күндердің саны.

Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауга (жалға алуға) беру кезінде жалға алу төлемінің есептік мөлшерлемесін есептеу қағидасына қосымша

**Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауга (жалға алуға) беру кезінде қолданылатын коэффициенттердің мөлшері және негізгі мөлшерлемесі**

Негізгі мөлшерлеме

1,5 айлық есептік көрсеткіш

№ р/ т	Коэффициенттердің түрлері	Коэффициенттің мөлшері
--------------	---------------------------	---------------------------

	Күрьылыш үлгісін есепке алатын коэффициент (Кт):	
1	1.1. кеңселік, әкімшілік, қоғамдық	1,0
	1.2. ауыл шаруашылық қажеттіліктеріне арналған, өндірістік	0,8
	1.3. коймалық, гараждық, қазандық	0,7
	Тұрғын емес жайдың түрін есепке алатын коэффициент (Кк)	
	2.1. гимарат немесе гимараттағы жай	1,2
2	2.2. жалғастыра салынған бөлігі	0,9
	2.3. цоколдық (жартылай жертөле) бөлігі	0,7
	2.4. жертөле бөлігі, төбесі	0,6
	Жабдықталғандығының дәрежесін есепке алатын коэффициент (Кжд)	
3	3.1. барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр қуаты, канализация) қандай да коммуникация түрі болмаған жағдайда әр түрге 0,5 азаяды	2,0
	Аймақтық орналасуын есепке алатын коэффициент (Кр)	
4	4.1 Астана қаласы (аудандық коммуналдық меншігіне жататын мүліктік жалға беру (жалға алу) объектілеріне)	3,0
	4.2 қала, кент (аудан орталығы)	0,9
	4.3 село, кент	0,5
	Жалдаушының қызмет түрін есепке алатын коэффициент (Ккт);	
	5.1 брокерлік қызмет және кеден қызметін көрсету, банктер, ломбардтар, айырбастау пункттері және қызметі бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалды конторлар, адвокаттық конторлар, зергерлік шеберханалар үшін	3,0
	5.2 қоғамдық тамақтандыру, қонақ үй, сауда немесе сауда-делдалдық қызметтерімен айналысатын ұйымдастырыу үшін	1,5
5	5.3 областа қызметтерді үйымдастыруға арналған:	
	1) жоғары, техникалық және кәсіптік білім;	1,1
	2 ) орта білім ;	0,9
	3) мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	0,8
	5.4 денсаулық сақтау, мәдениет, туризм және спорт саласындағы қызметтерді үйымдастыру үшін	1,0
	5.5 бастапқы, негізгі орта, жалпы орта, кәсіптік білім беруде жалпы білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік оку бағдарламаларын іске асыратын оку орындарында оқушылардың тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін, және оку орындарының жатақханалары	0,5
	5.6 мемлекеттік мекемелер орналасқан гимараттарда, кіруін шектетумен осы мекемелердің жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) қызметшілердің тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін	0,9
	5.7 мемлекеттік занды тұлғалар орналасқан жайларда, осы мекемелердің және кәсіпорындардың жұмыс кестесінен аспайтын жұмыс кестесімен (бөлшек сауда) тамақтануын және буфеттерді үйымдастыру үшін	1,2
	5.8 жылумен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, сумен жабдықтауды және қатты тұрмыстық қалдықтарын шыгаруды үйымдастыру үшін	0,5
	5.9 пошта қызметі саласындағы қызметтерді ұсыну үшін	1,0
	5.10 басқалар үшін	1,5
	жалға алушының үйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент (Кұкн):	
6	6.1 коммерциялық емес үйымдар үшін (үкіметтік емес үйымдардан басқа)	0,5
	6.2 үкіметтік емес үйымдар үшін	0,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК